# Оқытушы мен оқушылардың өзара қарым -қатынасы





Орындаған: Құрмантаева Асем
Қабылдаған: Мырқасымова Мадина

Жоспары:

1.Мұғалім тұлғасы және оның психологиясы

2. Педагогикалық қарым-қатынас

3.Оқу-тәрбие үдерісіндегі субъективті педагогикалық ынтымақтастық мәселелері.

4.Педагог-психологтың мектептегі іс-әрекеті.



# Мұғалімнің педагогикалық қызметінің  түрлері:

- **диагностикалық қызметі** оқушыларды зерттеп білумен және олардың даму, тәрбиелілік деңгейін белгілеумен, анықтаумен байланысты;

- **бағдар беру – болжам жасау қызметі** - мұғалімнің тәрбие қызметінің бағытын және тәрбие жұмысының әрбір кезеңінде нақты мақсаттар мен міндеттерді анықтап, оның нәтижелеріне болжам жасай білуімен тұжырымдалады, яғни, мұғалім неге нақты қол жеткізгісі келеді, оқушыны қалыптастыру мен дамытуға ол қандай қадам басуды қалайды;

- **жобалау қызметі** - бағдар беру-болжам жасау қызметінен туындайды;

- **ұйымдастырушылық қызметі** - оқушыларды белгіленген тәрбие жұмысына жұмылдырумен байланысты;

- **ақпараттық-түсіндірме қызметі**, педагог – ғылыми, дүниетанымдық және адамгершілік-эстетикалық ақпараттың аса маңызды көзі болатын мұғалім қызметі;
- **ұжымды ынталандыру қызметі** – мұғалімнің жеке басының адамгершілік жақсы қасиеттерімен және оқушыларға ықпал ете білумен, оның қарым-қатынас жасау, демократиялық байланыстар орнату, іс-қимылға жетелеу шеберлігімен байланысты қырларын қозғайды. Бұл қызмет балаларға сүйіспеншілік таныта білуді, нағыз ізгілікті қамтиды;
- **талдама-бағалау қызметі** – мұғалімге оқыту мен тәрбиелеу барысына талдау жасауға, олардан жағымды жақтары мен кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Ол сондай-ақ, мұғалімге өзінің жұмысында жанды байланыс орнатуға мүмкіндік береді;
- **мұғалімнің зерттеушілік-шығармашылық қызметі**: педагогикалық теорияны қолдану мұғалімнен белгілі шығармашылықты қажет етуі осы қызметтің бір қыры болып табылады. Екінші бір қыры – белгілі теорияның шеңберінен шығып, оны байытатын жаңалық атаулыны ой елегінен өткізіп дамыту болып табылады.



Жас жеткіншекті тәрбиелеуде оқулық арқылы да, моральдік көтермелеу арқылы да, жазалау арқылы да әсер ете алмайтын күшті мұғалімнің жеке жақсы оқу бағдарламасы, тәрбие әдісі болсын, ол тәрбиеші болмаса, жай сөз болып қала береді. Тәрбиені ешқашан айтқанды көзсіз орындаушы бола алмайды, ол өз жүрегінің жылуын беруші, жанымен сезінуші болғанда ғана тәрбиеші бола алады

Мектепте мұғалім – басты тұлға, онымен ешкім теңесе алмайды.



Ы. Алтынсарин өз еңбектерінде адам және оны биік адамгершілік тұрғыда тәрбиелеудің жолдары туралы айтады. Сол тұрғысында ұстаздық қабілеті дамыған тәрбиешіге үлкен сенім артқан. Қабілетті шыңдауда Ы. Алтынсарин мұғалім оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін теру арқылы жетеді. Баламен қатынас жасауда төзімді болу керек және әр пәнді түсінікті, ұғымды жеткізе білу де шеберліктің шыңына бастайды.

Абай Құнанбаев мұғалім бір орында тұрып қалмай үнемі іздену, оқу, өсу үстінде болу керектігін, біле білгенін басқаға үйрету қажеттілігін ескертеді. Ең бастысы мұғалім адамгершілігі мол, үлкен жүректі, әділетті болуы шарт. Өз дегеніне жету үшін мұғалімнің мінезі кең, ерік-жігері мол, ішкі жан дүниесі сұлу, баланы сүйе білетін, рухани жағынан таза болмағы ләзім. Абай адам мінезі рухани жан дүниесі мен ерік-жігері арқылы анықталады дегенді айтқан.



П. Подласыйдың айтуынша, педагогке тәрбиелей және басшылық ете білу, тыңдата және тыңдата білу, дүниетанымның кең болуы, сөйлеу мәдениеті, адам мен қарым-қатынас жасай білу, оған сенім арту, алға ұмтылуға үйрету, байқампаз болу қандай жағдайда болсын шешім қабылдай білу қажетті қасиет.



Тұлғаның қалыптасуындағы маңызды факторлардың бірі – қарым-қатынас мәселесі болып табылады. «Қарым-қатынас» түсінігі мен тұлғаның қалыптасуындағы қарым-қатынастың алатын рөлі туралы идея кеңестік психологтар А.Н.Леонтьев, А.Б.Добрович, И.А.Зимняя, Г.В.Казнова, М.И.Лисина, А.В.Мудрик, Л.А.Поварницынаның және т. б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Ал жоғары оқу орындарында оқытушылар мен студенттердің тұлғааралық қарым-қатынастарын оқыту үдерісінде қалыптастыру мәселесінің теориялық негізі «оқыту үдерісіндегі тұлғааралық қарым-қатынастарды қалыптастыру» ұғымының мәні мен мазмұнын анықтауға байланысты

Қатынасу арқылы мәліметтер алады. Тікелей қарым-қатынас жеке адамды түрлі жағдайда және жәйттерде танып ұғынуға мүмкіндік береді. Ол жеке адамның ашық, неғұрлым айқын байқалатын сыртқы қылықтарын біліп қоймай, майда шамалы мәлімденген қылықтарын ашуға мүмкіндік береді. Ал, олар жеке адамды түсіну үшін аса елеулі, маңызды ішкі процестердің байқалу нышандары болуы мүмкін.

# Жеке –дара оқыту

**Репетиторлық**, әдетте, оқушыны емтихан және сынақ тапсыруға дайындаумен байланысты

**Тьюторлық** пен **менторлық** шет елдерде кең тараған жеке-дара оқыту формасы. Оқушының білім жолындағы іс-әрекетінің өнімділігін арттыруда өте пайдалы. Ментор немесе ұстаз- оқушы кеңесшісі, оқылып жатқан пән мазмұнына даралық сипат береді.

**Ғылыми** жағы білім берудегі психологиялық қызмет мәселелерінің зерттелуін, теориялық және әдіснамалық негіздемесін, психодиагностика жасау, қазірі мектептегі білім берудің нақты жағдайына сай психологиялық білімді қолдану түрлері мен әдістерін дамыту және месе білім беру), білімдегі педагогикалық-психологиялық қызметтің аймақтық жүйесіндегі жұмыстарына тікелей қатысты және психологиялық түзетулерді қамтиды.

**Қолданбалы** жағы оқыту мен тәрбиенің, оқулықтың дидактикалық және әдістемелік материалдардың, оқу бағдарламаларының психологиялық негіздерін жасау және оны талдауды қоса алғандағы барлық үрдістерін психологиялық жағынан қамтамасыз ету.

**Практикалық** жағы психологтардың білім беру мекемелеріндегі (балабақшалар, мектептер, гимназиялар мен интернаттардағы -психологиялық қызметі сияқты еліміздің білім кеңістігіндегі біртұтас тікелей құрылым күйінде жобаланады.

Сондай-ақ мектеп педагог-психологының қызметтік міндеттері төмендегідей:

* жалпы білім беретін орта мектептердегі оқытудың барлық кезеңдерінде балаларға қажетті жағдайларды жеке көмек беру үшін педагогикалық-психологиялық зерттеуді жүзеге асыру;

* психологиялық ғылымның жетістіктерін негізге ала отырып, мектеп оқушыларының әркелкі жас кезеңінде жан-жақты, тұлғалық, интеллектілі дамуын қамтуға ықпал етеді;

* мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің сұраныстары бойынша оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен психологиялық сақтандыру, диагностикалық, түзеу және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді, мектеп оқушыларының интеллектуады, тұлғалық, эмоциялық және ерік-жігер ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін зерттейді;

* оқуға психологиялық дайындық жеткіліксіздігін ерте анықтауды мақсат ете отырып, бірінші сыныпқа бала қабылдауға қатысады;

педагогикалық кеңестің әдістемелік бірлестіктердің, сыныптардағы, сондай-ақ мектептегі ата-аналар жиналыстарына қатысады, оқушыларға ықпал етіп, жеке көмек көрсетуге байланысты негізгі проблемаларды шешуге арналған педагогикалық консилиумдар мен педагогикалық кеңестерге қажетті ақпараттар дайындайды;

* мектептегі психология бөлмесінқұруды және қажетті құжаттарды сақтауды, оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз етуді жауапкершілігіне алады;

* мектептегі писхологиялық қызметтің писхологиялық-педагогикалық жұмыстарының нәтижесі мен есебінің ғылыми-әдістемелік орталықтар тағайындаған талаптарына сай болуын қатаң түрде жүзеге асырады.

**Педагог-психолог оқушының бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында төмендегідей іс-әрекеттер жүргізеді:**

- баланың шығармашылық қабілетін немесе өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту;
- пәнге терең қызығушылығын арттыру;
- оқушының әсерлік сезімін қалыптастыру;
- оқушының белсенділігін арттыру мақсатында даму деңгейін, танымдық белсенділігін арттыра оқыту;
- жалпы білім-білік дағдыларын дамыта оқыту;
- білім базасын арттыру;
- пәндердің ғылыми негізінде оқушылардың білім сапаларының деңгейін жоғарылата дамыта оқыта отырып, интеллектуалдық жаңашылдыққа, әдептілікке, жеке тұлғалардың эстетикалық мәдениетінің жоғары дамуына ықпал жасауда білімді мықты құрал ретінде қолдану.
- педагог; психолог; тәрбиеші; ақылшы; қамқоршы; жетекші;
- мейірімді жан.

**Педагог-психологтың атқаратын қызметін жіктеу:**

- **ақпараттық** (ақпарат беру);
- **дамытушылық** (ойлауы, елестетуі, тілді дамыту);
- **мобилдік (мобилизационная)** (істің, тапсырманың, жаттығудың орындалуын қадағалау);
- **қалыптастырушылық** (сабақты, сыныптан тыс іс-әрекетті, әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар, өз бетімен жұмыс, т.б.);
- **коммуникативті** (ата-аналармен, басқа мұғалімдермен, әкімшілікпен, психологтармен, валеологтармен қарым-қатынас);
- **ұйымдастырушылық** (оқытушыларды, басқа мұғалімдерді, ата-аналарды, өзін, сабақты, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырады);
- **зерттеушілік** (жеке тұлға ретінде зерттеу);
- Сынып жетекшісі, тәрбиешілердің атқаратын қызметтері:
- **ұйымдастырушылық** (сынып сағаттарын, сауалнамалар, экскурсия, т.б. ұйымдастыру);
- **тәрбиелілік** (оқушылардың қабілеттерін кез келген әдіспен тәрбиелеу, қалыптастыру, дамыту);
- **ынталандыру** (балалардың іс-әрекетін ынталандыру);
- **коррекциялау** (қайта түзету);
- **диагностикалау** (болжамдық зерттеулер жүргізу).
- **психопрофилактика** (психологиялық кеңестер беру, жеке жұмыс жасау).

# Назарларыңыз
# ға
# РАХМЕТ!!!



